

Өткізілген орны: С. Мәуленов гимназиясы

Өткізілген күні: 18.03.2026

Қамтылған сынып: 9 сынып

Қатысушылар саны: 45 оқушы

Мақсаты:

Тәлімгер мен мектеп психологының бірлескен жұмысы арқылы оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету, тұлғалық дамуына қолдау көрсету, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдету, сондай-ақ оқу мотивациясын арттыру және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың психологиялық және эмоционалдық жағдайын анықтау;
- Әлеуметтік-психологиялық қиындықтардың алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізу;
- Оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру;
- Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және дамыту;
- Топ ішінде ынтымақтастық пен өзара сыйластықты нығайту;
- Оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтау;
- Ата-аналармен және мұғалімдермен тығыз байланыс орнату;
- Тәлімгер мен психологтың жүйелі, жоспарлы жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету.

Өту барысы:

Тәлімгер мен мектеп психологының бірлескен жұмысы оқу жылының басында жасалған жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілді. Жұмыстың алғашқы кезеңінде оқушылармен танысу, сенімді қарым-қатынас орнату мақсатында түрлі психологиялық тренингтер мен сергіту жаттығулары ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, «Танысу шеңбері», «Мен кімін?», «Менің күшті жақтарым», «Сенім көпірі» сияқты жаттығулар арқылы оқушылар өздерін еркін таныстырып, бір-бірімен жақын қарым-қатынас орната бастады. Бұл жұмыстар оқушылардың ұжымға тез бейімделуіне және өзара түсіністіктің қалыптасуына ықпал етті.

Келесі кезеңде мектеп психологы тарапынан оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, сауалнамалар, бақылау, жеке әңгімелесу әдістері қолданылды. Диагностика нәтижесінде кейбір оқушыларда мазасыздық деңгейінің жоғары екендігі, өзіне деген сенімсіздік, қарым-қатынаста қиындықтар бар екендігі анықталды.

Осыған байланысты тәлімгер мен психолог бірлесіп, аталған оқушылармен жеке түзету жұмыстарын жүргізді. Жеке кездесулер барысында оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіліп, түрлі кеңестер берілді. Сонымен қатар, топтық жұмыстар да жалғасын тапты.

Топтық жұмыстар барысында «Қиын жағдайдан шығу жолдары», «Менің мақсатым», «Жақсы қасиеттер ағашы», «Бірлік – біздің күшіміз» тақырыптарында тренингтер өткізілді. Бұл жұмыстар оқушылардың өз ойларын ашық айтуына, бір-бірін тыңдауға, қолдауға үйренуіне көмектесті.

Тәлімгер оқу үдерісіндегі қиындықтарды бақылап, үлгерімі төмен немесе тәртібі қиын оқушыларды анықтап, психологпен бірге олардың мәселелерін шешу жолдарын қарастырды. Оқушылармен мотивациялық әңгімелер жүргізіліп, олардың алға қойған мақсаттарына жетуіне бағыт-бағдар берілді.

Сонымен қатар, ата-аналармен де байланыс жұмыстары жүргізілді. Қажет болған жағдайда ата-аналарға психологиялық кеңестер беріліп, бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелер түсіндірілді. Бұл ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы байланысты нығайтуға септігін тигізді.

Жұмыс барысында тәлімгер мен психологтың өзара ынтымақтастығы жоғары деңгейде болды. Барлық іс-шаралар бірлесе жоспарланып, жүйелі түрде жүзеге асырылды.



Қорытынды:

Тәлімгер мен психологтың бірлескен жұмысы өз нәтижесін көрсетті. Оқушылардың психологиялық жағдайы жақсарып, оқу үдерісіне деген қызығушылығы артты. Өзара қарым-қатынастары нығайып, сынып ішінде достық атмосфера қалыптасты.

Аталған жұмыстар оқушылардың жан-жақты дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына оң ықпал етті. Алдағы уақытта да тәлімгер мен психологтың бірлескен жұмысын жалғастырып, оны одан әрі жетілдіру қажет деп есептеледі.

Аға тәлімгер: Қарағұлова Н.Қ